



БҰЙРЫҚ

23.02.2024 жылғы № 01-04/4

Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

город Актау

2024 жылғы көктемгі аң аулау маусымын ашу туралы

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Заңын, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Аң аулау қағидасын бекіту туралы» 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығын және «2024 жылғы 15 ақпаннан бастап 2025 жылғы 15 ақпанды қоса алғандағы кезеңге аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерін алып қою лимитін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 15 ақпандағы № 32 бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Маңғыстау облысы аумағындағы бекітілген аң аулау алқаптарында 2024 жылдың 02 наурызынан 2024 жылдың 16 наурызын қоса алғандағы мерзім ішінде, жалғанған №1 қосымшаға сәйкес аталық үйректерді аулауға рұқсат етілсін.

2. «Маңғыстау облыстық аңшылар мен балық аулаушылар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы А.Г.Тищенкоға (келісім бойынша) аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт талаптарын орындау, күнделікті және маусымдық аң аулау жолдамаларын беру және Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 14 бабы тармақтарын орындау және жергілікті ақпарат құралдарында аң аулау маусымының ашылуы туралы хабарландыру беру ұсынылсын.

3. Жануарлар дүниесі және аңшылық шаруашылығы бөлімі (Т.Шапағатов, А.Сейджанова):

- аң аулау алқаптарын пайдаланушыларға, аң аулау маусымында қадағалау жұмыстары жүргізілсін;

- бекітілген аң аулау алқаптарына маусым кезінде аңшылық шаруашылықтары қорықшылармен біріккен рейдтік, қорғау шаралары ұйымдастырылсын;


- Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңын

тармақтарын және аң аулау ережесін бұзған заңды және жеке тұлғаларды әкімшілік жазаға тарту шаралары алынсын.


4. Жануарлар дүниесі және аңшылық шаруашылығы бөлімінің бас маманы А.Сейджановаға «Маңғыстау облыстық аңшылар мен балық аулаушылар» қоғамдық бірлестік төрағасы А.Г.Тищенконы осы бұйрықпен (келісім бойынша) таныстырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуына қадағалауды жануарлар дүниесі және аңшылық шаруашылығы бөлімінің басшысы Т.Шапағатовқа жүктелсін.

Инспекция басшысы



Г.Досатов

Маңғыстау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекция басшысы
Ф.Ш. Досатов 
«23» ақпан 2024 жылғы
№ 01-04/4 бұйрығына
1-ші қосымша

2024 жылғы аң аулау төмендегі кестеге сай, аталық үйректерді аулау белгіленген мерзімі және бекітілген аумақтарда ғана рұқсат етіледі.

| № | Жануарлар түрлері | Аң аулау мерзімі | Бекітілген аумақтар (аңшылық шаруашылықтары) |
|---|---|--------------------------|--|
| 1 | Аталық үйректер | 02 наурыз – 16 наурыз | Голубая бухта-Саура, Ащысор, Прибрежное, Маңғышлақ, Қаражанбас, Тоқмақ, Желтау-Колленкели, Бостанкум, Кияқты, Каратау. |
| | Қасқырларды, шибөрілерді, қарғаларды, сауысқандарды, тағандарды, қаңғыбас иттерді аулау (атып алу) кезінде жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсат талап етілмейді:: | | 1) жануарлар дүниесін қорғауды жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері және оның мамандандырылған ұйымдарының лауазымды адамдары, сондай-ақ аңшылық шаруашылығы субъектісінің қорықшылық қызметі қызметтік қаруды пайдалана және авиа-, автомото-, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолдана отырып жүзеге асырған; 2) жануарлардың басқа түрлерін аулау (авиа-, автомото-, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолданбай) аң аулауға берілген жануарлар дүниесін пайдалану рұқсаты қолданылатын аңшылық шаруашылығы субъектісінің аумағында жүргізілген кезде жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсат талап етілмейді. |